

FTAMP / МРИНТИ / IRSTI 03.09.55

ӘӨЖ / УДК / UDC: 94

<https://doi.org/10.51889/2959-6017.2026.89.2.033>

Д.Қ. Сансызбай *1

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің PhD докторанты, Қазақстан, Алматы

e-mail: sansyzbay.d.k@gmail.com

ORCID: <https://orcid.org/0009-0008-2853-9768>

БАҚЫТЖАН ҚАРАТАЕВТЫҢ ҚР ОМА ЖЕКЕ ТЕКТІК ҚОРЫ: ҚОЛЖАЗБА МҰРАСЫНЫҢ ДЕРЕКНАМАЛЫҚ ТАЛДАУЫ

Аңдатпа

Мақалада белгілі қайраткер Бақытжан Қаратаевтың (1860-1934) Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивіндегі жеке тектік қорына және қордағы ғылыми мұрасына дерекнамалық талдау жасауды көздейді. Қайраткер XX ғасырдың басындағы Ресей империясындағы күрделі саяси үдерістердің куәгері және қатысушысы болған. Тарихи оқиғаларды сын елегінен өткізіп қағаз бетіне түсірген. Зерттеу ҚР ОМА № 1227 Бақытжан Қаратаевтың жеке тектік қорының материалдарына негізделген. Қор құнды құжаттардың бірегейлігімен ерекшеленеді. Қорда Б. Қаратаевтың қолжазбаларының негізгі мұрасы сақталған. Қолжазба мұрасына дерекнамалық талдау жасауда нарративтік, дерекнамалық талдау, биографиялық, герменевтикалық әдістері қолданылды. Жеке тектік қорға жалпы және оның ішіндегі қолжазбаларға дерекнамалық талдау жасау тарих ғылымының талабы. Қордағы кейбір қолжазбалардың, мәтіндердің ғылыми айналымға енгізілмеуі, оларға дерекнамалық талдау жасалмауы ғылыми зерттеу жұмысын жүргізуді талап етеді.

Қайраткердің қалдырған тарихи мұрасына дерекнамалық талдау жасалуы ғылыми айналымға бірегей құжаттарды енгізілуін, оның құрылымын, сақталу деңгейін, ғылыми құндылығын анықтауға, сонымен қатар автордың субъективті көзқарасының ерекшелігін көрсетуге мүмкіндік береді. Жеке тектік қордағы автордың құжаттары, еңбектері зерттеуші ғалымдарға ғылыми зерттеу жұмысын жүргізуге септігін тигізеді.

Түйін сөздер: жеке тектік қор, Бақытжан Қаратаев, қолжазба, зиялы қауым, тарихи жад

Д.Қ. Сансызбай *1

PhD докторант, КазНУ им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

e-mail: sansyzbay.d.k@gmail.com

ORCID: <https://orcid.org/0009-0008-2853-9768>

ЛИЧНЫЙ ФОНД БАХЫТЖАНА КАРАТАЕВА В ЦГА РК: ИСТОЧНИКОВЕДЧЕСКИЙ АНАЛИЗ РУКОПИСНОГО НАСЛЕДИЯ

Аннотация

В статье дается источниковедческий анализ личного фонда и рукописного наследия Бахытжана Каратаева (1860-1934) хранящегося в личном фонде № 1227 в Центральном государственном архиве Республики Казахстан. Личный фонд особенен своими уникальными документами. В нем сохранены рукописи, дневники, письма и переписки, документы делопроизводства, а также документы партийной принадлежности подтверждающие полномочия личности. Целью статьи является провести обзор, а также источниковедческую

характеристику личного фонда, основанную на анализе его состава, структуры как исторического источника, а также рукописей Б. Каратаева. Для осуществления данной цели применялись такие методы исторического исследования как нарративный, источниковедческий анализ, биографический и герменевтический. Источниковедческий анализ является важной потребностью исторического исследования личности данного деятеля.

Статья восполняет пробелы в исследований личности Б. Каратаева, так как практически нет полноценных работ источниковедческого анализа его личного фонда в ЦГА РК. Анализ фонда дает возможность определить сохранность, полноту находящихся в нем материалов, раскрывает личность Б. Каратаева как активного участника и свидетеля исторических событий и историка. Источниковедческий анализ рукописного наследия Б.Каратаева способствует глубокому пониманию эпохи через призму его трудов.

Ключевые слова: документы личного происхождения, Бахытжан Каратаев, рукопись, интеллигенция, историческая память

D.K. Sansyzbay  *1

PhD doctoral student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

e-mail: sansyzbay.d.k@gmail.com

ORCID: <https://orcid.org/0009-0008-2853-9768>

THE PERSONAL FUNDS OF BAKHYTZHAN KARATAYEV IN THE CENTRAL STATE ARCHIVE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN: A SOURCE STUDY OF THE MANUSCRIPT HERITAGE

Abstract

The article provides a source analysis of the personal collection and manuscript heritage of Bakhytzhan Karatayev (1860 – 1934), which is preserved in Personal Fund No. 1227 at the Central State Archive of the Republic of Kazakhstan. This personal collection is distinguished by its unique documents, including manuscripts, diaries, personal correspondence, administrative records, and party affiliation documents that verify his official authority. The purpose of the article is to conduct an overview and provide a source-based characterization of the personal fund, based on an analysis of its composition and structure as a historical source, as well as an examination of B. Karatayev's own manuscripts. To achieve this objective, several historical research methods were employed, including narrative, source analysis, biographical, and hermeneutic methods. Source analysis remains a vital necessity for the historical study of this figure's personality.

The article fills existing gaps in the study of B. Karatayev, as there is a notable lack of comprehensive source analysis regarding his personal fund in the CSA RK. Analyzing the collection allows for an assessment of the preservation and completeness of the materials within to historical events but also as a historian. Ultimately, the source analysis of B. Karatayev's manuscript heritage facilitates a profound understanding of the era through the prism of his works.

Key words: documents of personal origin, Bakhytzhan Karatayev, manuscript, intelligentsia, historical memory

Қысқашы. Тарих ғылымында архив құжаттары зерттеудің маңызды деректік негізін құрайды. Тарихтағы қайраткерлердің өміріне қатысты деректерді архивтардағы жеке тектік қорлардан алуға болады. Жеке тектік қор – жекелеген жеке тұлғаның, отбасының өмірі мен қызметі процесінде пайда болған, Ұлттық архивтік қорының құрамына енгізілген архивтік құжаттардан тұратын жеке тектік архив қоры [1]. Жеке тектік қорлар өз кезегінде екіге бөлінеді: жеке тұлғаның жеке тектік қоры және отбасылық қор. Жеке тұлғаның жеке тектік

қоры белгілі бір азаматтың өмірі мен қызметі барысында жинақталған құжаттардан құралады, шығармашылық және ғылыми мұрасыда қызметтік құжаттар қатарына кіреді [2, 3 б.]. Жеке тектік қордағы құжаттардың мазмұны қор иесінің негізгі кәсіби қызметіне байланысты болады. Жеке тектік қорда келесі материалдар кездеседі: тұлғаның өмірбаяны, эпистолярлық мұрасы, қызметтік және де шығармашылық құжаттары, фото, аудио, видео материалдары және т.б. Олар сол замандағы оқиғаларды, фактілерді, саяси ахуалды сипаттап, көрсетіп қана қоймай сонымен қатар жеке тұлғаның тарихтағы орнын айқындайды.

Жеке тектік қорда табылатын және онымен тығыз байланысты «egodocument» және өмірбаян түсініктері бар. «Egodocument» анықтамасын Амстердам университетінің профессоры, тарихшы Жак Прессер енгізген. Ғалым терминді 1950 жылы автобиографиялық стиліндегі жазылған барлық мәтіндерді белгілеу үшін енгізген. Олардың қатарында автобиографиялар, мемуарлар және жеке күнделіктер де бар. Жаңа неологизм атақты нидерланд тіліндегі Ван Дале сөздігіне енген [3]. Рудольф Деккер «egodocument» анықтамасының мағынасын келесідей анықтайды: «egodocument құжаттары өзінің құрамында автобиографияларды, мемуарларды, жеке күнделіктерді және басқа да жеке жазбаларды қамтиды, оларда автор өзінің тәжірибесі, істері, ойлары мен сезімдері туралы жазады» [4, 185 б.]. Термин тарих ғылымында кең қолданысқа ие.

Жеке тектік қорлардың маңызды қызметінің бірі жеке дара және де тарихи үдерістерге баға берудегі тарихи тұлғаның субъективті қазқарасына қолжеткізуге мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивінде жеке тектік қордың құнды мұрасы сақталған. Сол құнды мұралардың тізімінде Б. Қаратаевтың жеке тектік қоры да бар. Б.Қаратаев 1917 жылғы Ресей империясындағы саяси өзгерістерге дейін және де одан кейінгі уақытта да белсенді қоғамдық, саяси қызметпен, ғылыми жұмыспен айналысқан. Отандық және шетелдік архивтардың қорларында қайраткердің өміріне және қызметіне қатысты құнды құжаттық деректер сақталған. Мысалы, олардың қатарында келесі архивтарды атап өтуге болады: Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві (ҚР ОМА), Ақтөбе облысы мемлекеттік архиві, Батыс Қазақстан облысының мемлекеттік архиві, Санкт-Петербург орталық мемлекеттік тарих архиві, Ресей мемлекеттік тарих архиві және т.б. Осы архивтардың ішіндегі құжаттардың көлемі мен жүйелі түрде сақталуы жағынан алғанда ҚР ОМА-ғы Б.Қаратаевтың жеке тектік қорының орны ерекше. Қорда сақталған қайраткердің жеке тектік құжаттарын жоғарыда айтылған «egodocument» және автобиографиялық мәтін тұрғысынан қарастыруға болады. Қордың құжаттары төңкеріспен пен азаматтық қақтығыстың айрықша жағдайында биліктің, қоғамның және тұлғаның өзара әрекеттесу механизмдеріне жаңа көзқараспен қарауға мүмкіндік береді. Мақала қайраткердің жеке тектік қорына шолу мен қолжазбаларына дерекнамалық талдау жасауға бағытталған. Ұсынылған ғылыми зерттеудің ғылыми жаңалығы қордағы аз белгілі құнды деректерді айналымға енгізу, дерекнамалық талдау жасаумен қатар Б.Қаратаевтың өтпелі кезеңдегі саяси қайраткер ретіндегі рөлін қайта зерделейді. Ұсынылған ғылыми зерттеудің маңыздылығы келесі себеппен негізделген Б.Қаратаевтың еңбектері, құжаттары белгілі замандастарымен салыстырғандағы айырмашылығы, осы уақытқа дейін арнайы дерекнамалық талдау, зерттеу объектісіне толыққанды айналмады, кейбір еңбектері тек жарияланды. Алғаш рет оның жеке қорына кешенді талдау жасалды, бұл өз кезегінде қайраткердің дүниетанымдық эволюциясын қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Бұл үдерісте ерекше назарды бұрын жарияланбаған күнделіктері, жазбалары, құжаттары құрайды. Бұл деректерден қазақ зиялы қауымының өкілінің бірі болған қайраткердің әлеуметтік бейімделуін тек пассивті бейімделу емес, жүйелі дағдарыс жағдайында саяси өзін-өзі анықтаудың күрделі үдерісі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Жүргізілген ғылыми зерттеу XX ғасырдың басындағы өтпелі кезеңдегі Қазақстан тарихын интеллектуалдық тарих, өмірбаян, әлеуметтік-мәдени және саяси зерттеулері үшін негіз жасайды.

Қайраткердің еңбектері, қызметтік құжаттары және тағы да басқа мәтіндік мұраларын ғылыми айналымға енгізу тарих ғылымының деректік негізін байытып, объективті тарихи тұжырым жасауға мүмкіндік береді. Қасым-Жомарт Тоқаев 2026 жылдың 5 қаңтарында «Туркiстан» газетіне берген «Қазақстан жаңғырудың жаңа кезеңіне қадам басты» сұхбатында тарихымыз туралы келесі бірнеше ойымен бөлісті: «Біз болашаққа ұмтылған қоғам, біртұтас ұлт ретінде төл тарихымызды танып, оны қаз-қалпында қабылдай білуіміз керек. Бізге негізсіз аңыз-әңгімелердің еш қажеті жоқ, оның бәрі сана-сезімізге кеселін тигізеді. Тарих жұртты дауластыратын, жауластыратын тақырып емес, керісінше, қоғамды ұйыстыратын құндылық болуға тиіс» деді [5]. Осы тұрғыда тарихымыздағы кез-келген қайраткердің өмірін және қызметін зерттеу, зерделеу, оны қоғамға таныстыру тарих ғылымының маңызды міндеттерінің бірі болады.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу барысында архив құжаттары, отандық және шетелдік ғалымдардың кең кешенді зерттеулері пайдаланылды.

Мақаланың негізгі деректік негізін ҚР ОМА Б.Қаратаевтың № 1227 жеке тектік қоры құрады. Қордағы деректерді қайраткердің өзі жинақтаған. Соғыстан кейінгі уақытта жиналған материалдардың көшірмелері және түпнұсқалары қайраткердің туыстары тарапынан архивқа тапсырылған.

Б.Қаратаев өмірінің соңғы жылдарын Ақтөбе қаласында өткізді, соған байланысты қызметіне қатысты біраз материалдар Ақтөбе облысының мемлекеттік архивінде сақталған. Архивтің № 3 қорының, 1-т, 139-істің деректері тақырыпты зерттеу барысында қолданылды. Қорда Бақытжан Қаратаевтың Ақтөбе губерниялық сотында қорғаушылар коллегиясының мүшесі ретінде жұмыс атқаруы кезіндегі құжаттарымен қатар басқа да қызметіне қатысты материалдары жинақталған.

Зерттеу жұмысында тарихи зерттеулерде кең қолданатын нарративтік, дерекнамалық талдау, биографиялық, герменевтикалық әдістері пайдаланылды. Нарративтік әдіс жеке тектік қордың жалпылама сипаттамасын, тарихи тұлғаның өмір сүрген заманын сипаттауға қолданылды. Дерекнамалық талдау әдісі қордағы мәтіндерді сыртқы және ішкі сыннан өткізуді мақсат етті. Бұл әдісті жеке тектік құжаттармен жұмыс жүргізу барысында пайдалану маңызды қадамдардың бірі болып табылады. Жеке тектік құжаттардың түп-нұсқалағын, пайда болу уақытын, қордың құрамын, жазылу стилін, ішкі мән-мағынасын анықтауда дерекнамалық әдіс пайдаланылды. Биографиялық әдіс автордың тарихи оқиғалардағы орнын анықтауда, баға беруде таптырмас құрал болды. Герменевтикалық әдіске келетін болсақ тарихи деректердің, мәтіннің негізінде тарихи оқиғаларды және үдерістерді интерпретациялауға, түсінуге бағытталған. Тарихи контекстті және автордың субъективтілігін назардан шығармау маңызды қағидаттарының бірі болды.

Нәтижелер мен талқылау. XIX ғасырдың екінші жартысымен XX ғасырдың басы – қазақ қоғамы үшін әлеуметтік, экономикалық, саяси саладағы трансформация кезеңі болды. Империялық әкімшілік дала аймақтарын басқаруда әкімшілік-аумақтық реформаларын енгізуі, қоныс аудару саясатының үдеуі, экономикалық қысымның күшейуі, әсіресе Бірінші дүниежүзілік соғыс уақытында жергілікті халықтың өміріне елеулі әсер етті. XIX ғасырдың екінші жартысындағы әкімшілік-аумақтық реформалар қазақ даласын толықтай империялық жүйеге кіріктіруге бағытталды. 1867-1868 жж. реформа бойынша қазақ жерінде бес сатылы басқару жүйесі енгізілді. Соның салдары ретінде реформаға қарсы көтеріліс Кіші жүзде 1869 – 1870 жж. орын алды. Экономика саласында сауда-саттық, тауар-ақша қатынастары және де кәсіпкерлік дамыды. Оқу-білім саласы зайырлана түсті, жаңа оқу орындары ашылды. 1906 жылғы Столыпин реформасы жергілікті және сырттан келген шаруалар арасында жер үшін бәсекелестікті тудырды. Қоныс аударған шаруаларға жердің таратылуы қазақ қоғамының дәстүрлі шаруашылығына зиян келтірді. 1905-1907 жж. Ресей империясындағы революцияның толқындары Қазақстанға да жетті, оның мысалының бірі ретінде «К истории революционного

движения в Уральской губернии» еңбегінде көрініс тапқан [6]. Бұл революция қазақ жерінің кейбір аймақтарында саяси белсенділік тудырды. Дегенмен бұл белсенділік көбіне сырттан келіп қазақ жерінде орныққан жұмысшы, шаруа арасында тарады. Билікке әлеуметтік талаптар қойылды. Сол тұстағы тыйым салынған Ресей социал-демократиялық жұмысшы партиясы (РСДЖП) Қазақстанның аймақтарында агитациялық қызметін астыртын жүргізді, Орал облысын мысал ретінде келтіруге болады [7, 85-87 бб.]. Ал 1916 жылғы көтеріліс Орталық Азиядағы аймақтағы саяси жағдайды күрделендірді, оған қоса осы уақытқа дейін шешілмей келген жер, дін, көші-қон мәселелері жағдайды одан ары ушықтырды. Осындай жағдайда зиялы қауымның жаңа буыны қалыптасты. Қазақ зиялы қауымы ұлттық мүддені қорғауда саяси белсенділіктің әртүрлі жолдарын ұстанды – ағартушылық қозғалыстан, баспа ісіне назар қоюмен қатар партия құруға дейін барды және де жалпы Ресейлік деңгейде ұлт өкілі қызметін атқарды. Сол ұлттық зиялы қауымының өкілінің бірі – Бақытжан Қаратаев.

Бақытжан Қаратаев (1860 – 1934) – интеллектуал, мемлекеттік қайраткер, II Мемлекеттік Думаға Орал облысының қазақ халқынан сайланған депутат (1907) [8, 495 б.]. Бастапқы білімін Орынбор қаласындағы гимназияда алған (1878 – 1886). Білімі жоғары, Санкт-Петербург Императорлық университетінің заң факультетін тәмамдаған (1886 – 1890) [9, 283 б.]. 1891 – 1897 жж. Кутаисиде сот орындаушы болып қызмет атқарған. «Қазақстан», «Айқап» газеттерінде мақалаларын жариялаған. Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдары Б. Қаратаев Орал облысында соғысқа алынған азаматтардың отбасыларына қаржылай қолдау көрсету мақсатында қаражат жинауды ұйымдастырған [10, 403 б.].

1925 жылы Әділет халық комиссариатына жұмысқа тұру барысында толтырған анкетасында өзіне берген сипатамада 1917 жылғы ақпан айына дейінгі қызметін «Член Государственной Думы 2-го созыва 1907 года и работа в разных противощарских политических организациях» деп көрсеткен. Және де нақтылап келесі саяси партиялардың мүшелігінде болғаны туралы да анықтама берген: 1905 – 1914 жылдар аралығында Кадеттер партиясының (КДП) мүшесі, 1914 – 1 мамыр 1917 жж. аралығында РСДЖП мүшесі, 1 мамыр 1917 жылдан бастап большевиктер партиясында [9, 282 б.]. 1917 – 1927 жж. большевиктер партиясының қатарында. Азаматтық соғыс жылдарында Орал облысында Кеңес үкіметін орнатуға қатысқан, Орталық ағарту комитетінің әділет комиссары болып сайланған [11, 256 б.]. 1919 жылы 24 шілдеде құрылған Қазревкомның мүшелігіне сол мезетте тағайындалған. 1927 ж. партия қатарынан шығып кетеді, кейін өмірінің соңына дейін ғылыми-зерттеу жұмыстарымен шұғылданады. Тамыз айының 1931 жылынан бастап ҚАССР Орталық архивінің басқармасында ғылыми қызметкер ретінде жұмыс атқарған [12, 55 б.].

Б.Қаратаевтың өмірбаяны, саяси қызметі, шығармашылығы отандық және шетелдік зерттеушілер тарапынан зерттеліп келеді. Отандық ғалымдардың Б.Қаратаев тұлғасын зерттеудегі үлестері біршама көп. Бұл зерттеулерді кеңестік және тәуелсіздік тұсындағы жасалған зерттеулер деп қарастырсақ болады. Барлық зерттеулер, еңбектер жалпылама үш жазу стилінде жазылған: академиялық, ғылыми-танымдық және публицистикалық. Әр стилінің өзінің мақсаты мен міндеті бар.

Кеңестік тұстағы Б. Қаратаев тұлғасын зерттеген ғалымдардың бірі Мұстафа Ысмағұлов. М. Ысмағұлов Қазақ ССР Ғылым академиясы Философия және құқық институтының кіші ғылыми қызметкері қызметін атқарған. Ғалымның Б.Қаратаевтың саяси қызметіне байланысты жазған мақалаларының бірі «Революция сарбазы». Мақалада ғалым тың деректермен бөліскен. Б. Қаратаевтың студенттік кезеңінен бастап 1934 ж. дейінгі өмірінің, саяси қызметінің көпшілік қоғамға айтылмаған тұстарын ашып көрсеткен. Ғалым қайраткердің II Мемлекеттік Думадағы қызметін талдап, қайраткердің ұлтшыл, ел қамын ойлаған азамат ретінде сипаттаған. Сонымен қатар Б. Қаратаевтың думада сөйлеген сөзінен В.Ленин цитаталар келтіріп, назар аударғанын және де қайраткердің империяның аграрлық позициясына наразылығына назар аударғанын да белгілеген [13]. Дияра Усманова Ресей Империясының

Мемлекеттік Думадағы барлық мұсылман халықтардан сайланған депутаттардың қызметін қарастырса, Юлия Лысенко мақаласында Б. Қаратаевтың және басқа да Орталық Азиядан Мемлекеттік Думаға сайланған депутаттардың қызметін зерттеген [14; 15, 617-621 бб.]. Дала өлкесінен және Түркістаннан сайланған депутаттардың Мемлекеттік Думадағы қызметтерінде көздеген мақсаттарына жетпеген. Депутаттар көтерген көші-қон мәселесін тоқтату, жер саясатын әділетті жүргізу, саяси және де мұсылман қауымының діни құқықтарының сақталуы мен шектеулердің алынып тасталуы шешілмеген деп тұжырымдайды Ю.Лысенко [15, 621 б.].

Отандық тарихнамада Б.Қаратаев тұлғасына қатысты қорғалған алғашқы диссертация «Бахытжан Қаратаевтың қоғамдық-саяси қызметі (1860 – 1934)» тақырыбында болды, авторы Үздік Идресова [16]. Ү. Идресованың кандидаттық диссертациясы қайраткердің өмірбаяны, қызметі және ғылыми-зерттеу жұмыстарына арналған зерттеу еңбегі. Келесі көлемді еңбек Ө.Озғанбайдың және Б.Құрманбековтың «Қайраткер Қаратаев» еңбегі [17]. Еңбекте авторлар қайраткердің балалық шағынан бастап кеңестік кезеңіндегі саяси қызмет атқарған уақытына дейін өмірбаянына шолу жасаған. Ал Б.Қойшыбаевтың «Түнектен оралған есімдер: тұлға және тарих» еңбегі Б.Қаратаев туралы әдеби қысқа шығармадан, өмірбаянына шолу мен Б.Қаратаев туралы ғалыммен болған сұхбаттан тұрады (2-ші кітап) [18]. Және де автордың «Ұлттық қозғалыс сарбазы» атты рисәлә еңбегінде қайраткер оның басты кейіпкері. Тарихи туындыда қайраткердің ел мүддесі үшін атқарған қызметі суреттеледі [19]. Жалпы бұл еңбектерде Б.Қаратаев тұлғасының өмірінің барлық кезеңі қамтылып, өз заманының ірі саяси қайраткері ретінде сипатталады. Келесі құнды деректер негізінде жазылған еңбектердің бірі ол «Қазақтың тұңғыш заңгері» кітапшасы. Көлемі жағынан шағын ғана кітапшада Б.Қаратаевтың өміріне, саяси қызметіне қатысты құнды деректер келтірілген. Мысалы Санкт-Петербург Императорлық университетін үздік аяқтауы, студенттік кезіндегі «Жерлестер» ұйымының негізін қалаушылардың бірі болуы туралы мәлімет беріледі. Сонымен қатар кітапшада қайраткердің отбасылық және қызметтік фото, архивтік құжаттарынан үзінділер ұсынылған. Кітапша Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейінің ұжымының еңбегінің нәтижесі [20].

Осы тақырыпта жазылған отандық зерттеушілердің басқа да мақала, кітапшалары, зерттеулері жеткілікті және уақыт өте келе зерттеулер саны ұлғайып келеді. Б.Қаратаевтың жеке тектік қорына келетін болсақ, оған арнайы талдауды Гүлжан Сыдыкова «ҚР ОМА Бахытжан Қаратаевтың шығармашылық құжаттары» мақаласында қарастырған [21]. Мақалада қайраткердің жеке тектік қорына жалпы сипаттама берілген, сақталған құжаттардың ерекшелігі және құндылығы көрсетілген. Дегенмен қордың дерекнамалық талдауы толыққанды жасалмаған, ары қарай ғылыми зерттеуді қажет етеді.

Шетел ғалымдарының тарапынан қайраткердің тұлғасына қатысты зерттеулер көп емес. Қайраткердің тұлғасын зерттеген алғашқы шетел ғалымының бірі Жапон тарихшысы Томохико Уяма. Жапон ғалымы «Бахытжан Каратаев и алашордынцы: изменения взаимоотношений» мақаласында Б.Қаратаевтың және алашордалықтардың арасындағы күрделі қарым-қатынастың даму эволюциясын қарастырып және олардың арасындағы ұлт ісіне, дін, жер мәселесіне қатысты көзқарас қарама-қайшылықтарын, диспут тудырған мәселелерін қарастырған [22]. Франция мемлекетінің Орталық Азия зерттеулер институтының ғалымы Гзавье Аллез «Политические воззрения и родоплеменное устройство казахского общества в условиях советизации в 1917 – 1920 годы» мақаласында қазақ зиялы қауымының саяси белсенділігін зерттеген. Ғалымның зерттеуінің ерекшелігі қазақ зиялы қауымының қарастырылып отырған хоронологиялық кезеңде саяси таңдауына әсер еткен факторінің бірі географиялық орналасу мен ру-тайпалық құрылысы деген тұжырым жасаған. Осы мақала аясында Г.Аллез Б.Қаратаевтың төрелік тегін назарға алған және кеңес билік жүйесіндегі қайраткердің орнын кезең кезінімен өзгеруін көрсеткен. Автордың негізгі тұжырымы Б.Қаратаев қазақ зиялы қауымының оппозициясын ірі өкілінің бірі болған, қазақтардың

отырықшылануын қолдаған дейді, дегенмен оның кеңестік билік жүйесіндегі қызметі ұзаққа бармағанын жазады [23, 22-24 бб.; 33-34 бб.; 38 б.; 43 б.].

Бақытжан Қаратаевтың қолжазбалары және де басқа да жеке тектік құжаттары ҚР ОМА № 1227 қорында сақталған. Қордағы құжаттар қайраткердің өміріне және атқарған қызметіне байланысты, сонымен қатар өзі куәгер болған және белсенді қатысушысы болған оқиғаларды баяндайтын қолжазбалардан тұрады. Басым көпшілігі қолжазбалары және естеліктерді құрайды. Қордағы құжаттардың кейбірі түп-нұсқа болса, кейбірі көшірмелер. Қор 1 тізімнен және 7 істен тұрады. Олар келесі істер:

1. Документы Красного партизана тов. Каратаева Бахитжана Бисалиевича. Фотокарточки Каратаева Б.Б. и бойцов Чапаевской дивизии и Красных партизан Западного Казахстана, (73 бет);

2. Документы, связанные с деятельностью Б.Б.Каратаева. Краткий очерк истории Алаш – Орды, (139 бет);

3. Отрывки из дневника товарища Каратаева Б.Б. (сентябрь 1918 г.), во время его заключения в Уральской тюрьме: Крайние даты: 17.9.18 г. – 29.9.1918 г., (52 бет);

4. Воспоминания Б.Б.Каратаева о своем заключении в Уральской тюрьме (апрель 1918 - январь 1919 г.) при белоказачьем «войсковом правительстве» (59 бет);

5. Воспоминания и другие документальные материалы бойцов Чапаевской дивизии и Красных партизан Западного Казахстана о борьбе с Уральским белоказачеством (164 бет);

6. К истории революционного движения в Уральской губернии (57 бет);

7. Краткий очерк истории Алаш – Орды и другие подлинные рукописи и документы связанные с деятельностью Каратаева и его боевых товарищей Красных партизан (399 бет).

Қордың ішінде сақталған келесі құжаттар қолжетімсіз: Переписка архивного отдела УМВД по вопросу приобретения личного архива тов. Каратаева Б.Б. 28.3.47 г. – 5.8.48 г. в деле фонда; переписка архивного фонда отдела УМВД Актюбинской области по вопросу приобретения личного архива Каратаева Б.Б. в деле фонда. Қордың құрылу мерзімін 1946 – 1948 жж. деп шамалап тұжырым жасауға болады, себебі қордың құжаттарында құрылу уақытта нақты көрсетілмеген.

Қордағы құжаттарды келесі критерилар бойынша классификациялауға болады:

1. Ақпаратты беру формасы бойынша:

– мәтіндік;

– көрнекі-графикалық.

2. Шығу тегіне қарай:

– жеке құжаттар (Б. Қаратаевтың күнделіктері, эпистолярлық мұрасы, естеліктері);

– қызметтік құжаттар (мемлекеттік және қоғамдық қызметі, әскери-революциялық комитеттегі мүшелігі, партиялық, ғылыми-зерттеу қызметіне байланысты құжаттары);

– көрнекі (Б. Қаратаевтың және большевиктардың фотосуреттері);

– публицистикалық (мақалалар, қолжазбалар).

3. Авторлық сипаты бойынша:

– авторлық (Б. Қаратаевтың өзі жазған материалдары);

– куәгерлік (қызыл әскер сарбаздарының хаттары, куәлігі, қызметтестерінің жазбалары, белгілі большевик және әскери адамдардың естеліктері, автобиографиялар). Қордағы автобиографиялар азамат соғыс жылдарындағы қызыл әскер сарбаздарына тиесілі.

Бақытжан Қаратаевтың кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында жауапты қызметтерді атқарғандықтан оның көптеген қызметіне байланысты құжаттары қорда сақталған, олар мысалы: партиялық билет (РКП (б)); грамота (15 летие годовщины мирового октября), 1932 ж.; куәлік, мандат Азаматтық соғыс жылдарында әртүрлі мақсатта берілген; кәулік, мандат Бүкілқырғыз съезін өткізуге берілген (мамыр 1919 ж.); қызметтік тағайындаулар бұйрығы және де басқа құжаттар [12, 55 б.]. Фотокарточкалар Б. Қаратаевқа және де Азамат соғыс

жылдарында Кеңес үкіметі жағында қатысқан азаматтарға тиесілі. Сонымен қатар қорда сол замандағы саяси жағдайға талдаулар, кеңес үкіметінің орнығуына атсалысқан біраз адамдардың өмірбаяндарын кездестіруге болады.

Б.Қаратаевтың қорындағы хаттарға келетін болсақ олар «Казиздат» баспасымен, Азамат соғысының қатысушыларымен әртүрлі мәселелерде хат алмасулардан тұрады. Азамат соғысына қатысқан азаматтардың хаттарының негізгі мағынасы большевиктардың тарапында соғысқаны туралы Б.Қаратаевқа куәлік ету өтініштері және де қайраткердің басқада азаматтармен байланыс орнату хаттары.

Б.Қаратаевтың қорындағы шығармашылық мұраны келесі критерилер негізінде классификациялауға болады:

1. Қолжазбалардың тақырыбы
 - 1869 – 1870 жж. Торғай, Орал облысындағы, Маңғышлақтағы көтерілістер
 - 1905 – 1907 жж. Орал облысындағы төңкеріс
 - 1916 ж. көтеріліс
 - Орал облысындағы Азаматтық соғыс
 - Алашорда тарихы
2. Жазылу жанры
 - публицистикалық
 - естеліктер
3. Хронологиялық мерзімі
 - революцияға дейінгі
 - кеңестік кезең
4. Қолжазба мұраның пайда болу жағдайлары
 - әлеуметтік тапсырыс
 - саяси жағдайлар
 - жеке қызығушылық

Б.Қаратаев 1917 ж. дейінгі уақытта да қоғамдық-саяси іспен айналысты және де публицистикалық қызметімен де танылды. 1917 – 1920 жылдардағы Қазақстандағы ықпалды саяси қайраткердің бірі ретінде саяси оқиғалардың қатысушысы болуы, билік тарапынан оған сол жылдардың тарихын қағаз бетіне түсіруге, кейін ғылыми қызметкер ретінде жұмыс жасауына да әсер еткен. Партия тарапынан бұндай әрекет, билік алдында сенімі бар адамға тапсырылған. «Истпарт» бөлемшесі және «Казиздат» баспасы Б.Қаратаевқа 1916 – 1920 жылдар аралығындағы және де басқада оқиғаларға ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге арналған мемлекеттік тапсырыс жасаған. 1925 ж. оған «Истпарт» бөлемшесі тарапынан 1916 – 1919 жж. аралығында оқиғаларды және де қазақтардың революцияға қатысуы туралы естеліктерін жазуға үндеу жасалса, кейінірек 1934 ж. мысалы «Казиздат» баспасымен Б.Қаратаевтың естеліктерін, қолжазбаларын сатып алу туралы келісімшартта жасалған [12; 64-74 б.].

Бақытжан Қаратаевтың қаламынан шыққан барлық қолжазбалары, естеліктері, мақалалары көбіне орыс тілінде жазылған, тек Айқап журналына жазған мақалалары қазақ тілінде жарық көрген. Қорда жинақталған естеліктер, қолжазбалар: «К истории революционного движения в Уральской губернии», «Памятная записка о киргизах», «Воспоминания Бахитжана Бисалиевича Каратаева о своем заключении в Уральской тюрьме (апрель 1918 г. – январь 1919 г.) при белоказачьем «войсковом правительстве», «Краткий очерк истории Алаш – Орды», «Гибель Чапаева» авторы Горбачев А.Г, соңғы естелікті дайындауда Бақытжан Қаратаев қатысқан, кіріспесін жазған [24, 1-5 бб]. Сыртқы сын тұрғысынан барлық қолжазбалар түп-нұсқа мен расталған көшірмелер болып табылатындығын ескеру маңызды. Қордағы қолжазбалармен жұмыс істеудегі басты күрделілік оның авторы бір саяси заманда өмір сүрген адам емес. Күрделі саяси эволюция мен трансформациядан өткенін атап өту қажет: кадет пратиясының мүшелігінен большевиктердің қатарына өтуі.

Империялық кезеңде жазылған жазбаларының бірі – «Памятная записка о киргизах». Бұл баяндамалық жазба 1916 жылы Орталық Азиядағы көтерілісті сипаттайтын еңбек. Жазбаның мақсаты тыл жұмыстарына алу барысын, салдарын, жасалған билік тарапынан жасалған қателіктер туралы хабардар ету. Құжат 1916 ж. қыркүйек айының басында Б.Қаратаев және Ж.Сейдалинов тарапынан Мемлекеттік Дума төрағасына тапсырылған. Сонымен қатар жазбаның басты жазылу мақсатының бірі ер-азаматтарды тыл, окоп қазу жұмыстарына алу мерзімін кейінге қалтыруға өтініш білдіру [25, 53-75 б.]. Авторлардың ұстанымы осы еңбекте либеральды-демократиялық бағыттағы Алашорда зиялы қауымының ұстанымымен сәйкес келеді. Авторлар жергілікті халықты тыл жұмыстарына алу барысында билік тарапынан және жергілікті әкімшіліктің тарапынан жасалған қателіктер көтеріліске алып келгенін дәйектейді. Және де авторлар жігіттерді тыл жұмыстарына бірден алмай 1917 ж. мамыр айына дейін шегеруді ұсынған, оның себептерін егін және шөп жиналмай қалуын және 24 қыркүйек күні «Құрбан айт» мейрамы келе жатқандығын уәж еткен, бұл өз кезегінде мұсылман қазақ халқын қуантар еді деген ойын жеткізген [26, 67 б.].

Азаматтық соғыс жылдарында Б.Қаратаев Орал қаласының түрмесінде 1918 ж. сәуір айынан 1919 ж. қаңтарына дейін саяси тұтқын ретінде Казак әскери үкіметі қамауға алған. Абақтыда отырған уақытында қайраткер күнделік жүргізген. Қорда ол «Отрывки из дневника товарища Каратаева Б.Б. (сентябрь 1918 г.), во время его заключения в Уральской тюрьме» жазбалары ретінде сақталған [27, 38-52 б.]. Күнделігінде Б.Қаратаев Орал облысындағы Азаматтық соғыстың барысын әртүрлі жолдармен алынған мәліметтер негізінде жазып отырған, Уақытша үкімет және большевиктер туралы ойларымен бөліседі. Кейін күнделігі негізінде «Воспоминания Бахитжана Бисалиевича Каратаева о своем заключении в Уральской тюрьме (апрель 1918 г. – январь 1919 г.) при белоказачьем «войсковом правительстве» естелігі жазылған. Күнделіктің кейбір беттері жоқ, парақтарында кейбір сөздерді оқу қиынға түсті, себебі уақыт өте келе физикалық жағдайы нашарлаған және күнделікті жазуда сияны емес қарандашты қолданғандықтан.

Б.Қаратаевтың қалдырған қолжазбаларының көпшілігінде өзі куәгер болған және сол оқиғалардың куәгерлерінің куәлігі, естелігі негізінде жазған. Сондай еңбектердің бірі «К истории революционного движения в Уральской губернии» қолжазбасы. Шығарманың авторы ретінде Алексей Ширявцев көрсетілген. Дегенмен А.Ширявцев еңбегін осы оқиғаларға қатысқан және куәгерлердің естелігі негізінде жазған [6, 57 б.]. Еңбектің авторының бірі ретінде Б.Қаратаевтың болғанын болжауға болады. Себебі Б.Қаратаев сол уақытта Орал облысында өмір сүрген және саяси қызметпен айналысқан, жергілікті саяси жағдайды жақсы білген, саяси белсенділік танытып жүрген азаматтармен де таныс болған. Қайраткердің өмірін, саяси қызметін зерттеген ғалым М. Смағұловтың пікірі бойынша бұл еңбек Б.Қаратаевқа тиесілі, себебі Ш. Шафиро қолжазбаны архивқа әзірлеу барысында А.Ширявцевті еңбектің авторы ретінде көрсеткен [13, 76-77].

«К истории революционного движения в Уральской губернии» қолжазбасында 1905 – 1907 жылы Ресей империясында орын алған революция тұсындағы Батыс Қазақстанның саяси орталығының бірі болған Орал қаласындағы астыртын ұйымдардың тарихы мен қызметі туралы мәлімет береді, сонымен қатар өңірдегі саяси жағдайдың 1905 – 1917 жж. аралығындағы саяси жағдайдың өзгеруінің эволюциясы баяндалады [6]. Еңбекте Орал облысындағы жағдайды сипаттауда астыртын ұйымдардың құрылуына әртүрлі әлеуметтік топтағы азаматтар қатысқаны көрсетілген. Оның ішінде қарапайым жұмысшы табы, мұғалімдер, студент, сырттан аймаққа келген саяси белсенділер, олар социал-демократ пен социал-революционер топтарын құраған. Астыртын ұйымдардың жұмысы біраз бөлігі типографияда өтіп, жазба машиналарында үндеу теріп оны үлестірумен айналысқан. Империяның орталығында орын алған төңкеріс толқыны бұл аймаққа да жетті, жергілікті патша билігін тәртіпті күшейтіп астыртын ұйымдардың жұмысын бақылауға алған.

Байқалатын бір ерекшелік Орал облысындағы қазақ зиялы қауымының және де қарапайым азаматтарының 1905 – 1907 жж. төңкеріске қатысуы туралы деректер кездеспейді.

Азамат соғысына байланысты тағы да қорда сақталған еңбектердің бірі «Воспоминания Бахитжана Бисалиевича Каратаева о своем заключении в Уральской тюрьме (апрель 1918 г. – январь 1919 г.) при белоказачьем «войсковом правительстве» қолжазбасы. Еңбекте Б.Қаратаев 9 айдай астам уақыт Орал қаласының абақтысында отырған уақытында басынан өткен оқиғаларды жазып қана қоймай, өзіндік ойларымен, талдауларымен бөліседі [28].

Еңбекте хронологиялық реттілік бойынша Азамат соғыс жылдарындағы Орал облысындағы саяси жағдай баяндалады. Алаш-Орданың Батыс бөлімінің белгілі зиялылары Ж. Досмухамедовпен Х. Досмухамедовтарға қатысты мәліметтер берілген, Алаш-Орданың аймақтағы жүргізген саясатына талдау жасалып, олардың большевиктер мен әскери үкімет арасындағы қарым-қатынасына тоқтаған. Автор сол жылдары абақтыда бірге отырған саяси тұтқын және большевик ретінде ұсталған әртүрлі ұлт өкілдерінің басына түскен қиын жағдайды сипаттайды. Тұтқындардың біршамасын Казак әскери үкіметі ату жазасына кескен [28, 17-19 б.]. Уақытша үкіметтің, Ресей империясының сыртқы саясатына шолу жасалынады, қазақ зиялы қауымының 1917 жылы Ақпан төңкерісінен кейінгі уақыттағы іс-қимылдарына өзіндік сыни тұрғыда баға берілген, әскери үкіметтің большевиктармен қақтығысы, большевик тұтқындарға абақтыда қатал, қатыгез қарым-қатынасына да тоқтаған. Автор Орал қаласындағы кеңес үкіметінің орнатылуы туралы да біраз мәліметтерімен бөліскен. Б.Қаратаев большевиктер қатарында болған тұтқындардың аты-жөні және оларға қандай жаза тағайындалғаны туралы мәліметтерді келтірген. Автор еңбегінде кез-келген зорлық-зомбылықты сынайды.

Қазақ зиялылары азаматтық соғыс жылдарында саяси билікке ие тараптардың бір жағын қолдай отырып, өздерінің саяси таңдауларының негізіне дәлелдемелері болған. Осы орайда кейбір зиялы қауым өкілі кеңес үкіметі жағын қолдауы сыни тұрғыда сыналып жатады. 1917 жылғы саяси өзгерістер қазақ зиялы қауымын арасында жіктің пайда болуына себеп болды. Б.Қаратаев және алашордалықтардың қарым-қатынасы бір қалыпта болмады, уақыт өте келе келе және саяси өзгерістердің әсерімен өзгеріске ұшырады. Б.Қаратаев Алаш партиясының және Алаш-Орда үкіметінің мүшесі болмады. Б.Қаратаевпен алашордалықтардың арасында 1917 жылға дейін ушыққан саяси, көзқарастық текетірес болған емес, дегенмен бір қатар мәселелер бойынша идеялық келіспеушіліктер болды, ол мысалы дін мен отырықшылыққа бейімделу мәселесіндегі қарама-қайшы көзқарас.

«Краткий очерк истории Алаш – Орды» еңбегі Алашорда үкіметі және оның Батыс бөлімшесінің 1917 – 1919 жж. аралығындағы тарихына қатысты [29]. Б.Қаратаевтың бұл еңбегінің нақты жазылу уақыты көрсетілмеген, дегенмен Казиздат баспасымен хат алмасулар негізінде 1930 жылдары жазылғанын аңғаруға болады. Осы кезеңде қайраткер партия қатарында болмасада, дегенмен бұл еңбектің мазмұнынан социализм идеологиясын жақтаушы мен партия қатарындағы азаматтың рухында жазылғанын байқаймыз, бұл түсінікті жағдай саяси идеологиялық шеңбер аясынан шығу сол тұста қатаң жазаланатын еді. Бұл еңбек тарихи-деректік маңызы жоғары зерттеу. Очеркта алашордалықтар, кеңестер мен Орал казактарының арасындағы Орал облысында билікті қолға алу күресі баяндалады. Алаш-Орда зиялыларының, Орал казактарының әрекеті сыни тұрғыда бағаланған. Очерк сол кезеңдегі идеологиялық шеңбердің аясында жазылған. Очерк кеңес үкіметін қолдаған автордың еңбегі болғанымен, дегенмен сол кезеңдегі саяси ахуалды көрсетеді. Еңбекте басты назар Алаш-Орда үкіметінің Батыс бөлімшесіне аударылған. Очерк бірегей архив материалдарына, жеке жазбаларға, баспасөз жарияланымдарына, жиналыс хаттамаларына сүйене жазылған. Құжаттың құрылымынан көрініп тұрғандай, автордың жеке тектік қорындағы осы очерк Алаш-Орданың Батыс бөлімшесінің қызметін қайта қалпына келтірудің маңызды дереккөздерінің бірі ретінде санауға болады. Очерк құрылымында Алаш-Орданың Батыс бөлімшесінің қызмет кезеңдері бірізділікпен баяндалады. Қалыптасуы, үйлестіру жұмыстарының кезеңі және т.б. маңызды

тұстары туралы айтылады. Материалдарды ұсыну тәсілі құжаттық-хронологиялық сипатта, талдамалық түсініктемелер берілген және автордың ұстанымы аясында талданады. Зерттеу жұмысына бір мезгілде ғылыми және публицистикалық сипат беруге болады.

Б.Қаратаевтың азаматтық соғыс жылдарында Орал қаласының түрмесінде отырған уақытында 1918 сәуірінен 1919 жылдың қаңтар айына дейінгі жүргізген күнделіктерінің үзіндісіне назар аударатын болсақ қазақ зиялы қауымының өкілдері туралы тікелей сілтемелер жоқ, бірақ ол жалпы Уақытша үкіметті большевиктерге қарсы қолдаған барлық қазақ мұсылмандарын (киргиз мусульман) айыптайды, себебі Уақытша үкіметпен және Антанта ұйымының құрамындағы мемлекеттерімен ортақ мақсаты Түркияны басып алып, Стамбулға иелік ету дейді [28, 4-6 б.].

Б.Қаратаев алашордалықтармен арасындағы қарама-қайшылықты келесі себептермен түсіндірген: А.Бөкейхановты Торғай облысының комиссары етіп тағайындалуы; алашордалықтардың Уақытша үкіметті қолдауы және олардың бірінші дүниежүзілік соғысты жалғастыруын қолдауында; Орал, Орынбор казак әскерлерімен және т.б. қарым-қатынас орнату, бірге кеңес үкіметіне қарсы күрес жүргізу, Б.Қаратаев оларды қазақ халқын отарлаушы және қанаушы екенін еске сала өтеді [29, 1-2 б.]. Еңбекті кеңес үкіметі тұсындағы жазылған кеңестік тарих нұсқасының дәлелі ретінде бағалауға болады, бұл қалыпты жағдай себебі жоғарыда айтылғандай репрессия күшейе түскен уақытта идеологиялық шеңберден шығу қудалауға алып келер еді. Қордағы құнды деректерді локалды тарихи мәселерде зерттеуде, өтпелі кезеңдегі қазақ зиялы қауымының рөлін және орнын анықтауда, азаматтық-соғыс жылдарындағы Батыс Қазақстан аймағындағы үдерістерді микротарих ғылымының аясында қолдануға болады және Алаш-Орда тарихын зерттеуде деректік негіз бола алады.

Қорда сақталмаған көлемді ғылыми-зерттеу жұмысы «Обзор материалов из истории колонизации казахского края в связи с восстанием казахов Оренбургского края в 1869 году и в начале 1870-х годов» [30]. Зерттеу жұмысын 1934 жылы Б.Қаратаевтың жұбайы Саржан Қаратаева Ұлттық кітапханаға тапсырған. Бүгінде сирек қор бөлімінде сақталып тұр. 2006 жылы бұл еңбек қайтадан басылып шықты [31]. Ғылыми зерттеуде деректану, құқықтық талдау үйлесін тапқан. Тарихи құжаттарға, оқиғаларға шолу ғана емес – отарлық қысым жағдайындағы қазақ қоғамының әлеуметтік және құқықтық трансформациясының жүйелі бейнесін жасауға бағытталған талпыныс. Б.Қаратаевтың естеліктері маңызды тарихи деректер.

Қорытынды. Қорытындылай келе ҚР ОМА № 1227 жеке тектік қор Б.Қаратаевтың естеліктері, жазбалары жинақталған негізгі қоры. Қорда қайраткердің өміріне, қоғамдық-саяси қызметіне байлаланысты құжаттардың негізгі көлемі сақталған. Және де қайраткердің қызметіне, қоғамдық-саяси өміріне қатысты құжаттар ҚР ОМА-тан тыс басқа да мемлекетіміздің және Ресей Федерациясының архивтарында сақталған. Оларды бір қор аясында жинақтау және жүйелеу, цифрландыру маңызды іс.

Қормен жұмыс жасауда кездескен жағдайлардың бірі Б.Қаратаевтың кейбір шығармалары, еңбектері толық күйінде сақталмаған. Мысалы, 1916 жылғы көтеріліске қатысты «Памятная записка о киргизах» атты еңбектің соңғы беттері қорда жоқ. Оның жалғасын тұрақты түрде 1922 – 1941 жылдар аралығында Мәскеуде жарияланып тұрған, алғашында РСФСР мен КСРО-ның Орталық архивінде, кейін КСРО және РСФСР-дың Орталық мұрағат басқармасында шығарылған ғылыми-тарихи журналдың 1926 жылы шыққан № 3 санында басылған [26].

Қордағы істер жүйеге келтірілген. Қормен жұмыс жасау барысында келесі қиындықтар туындады:

- кейбір материалдардың толық болмауы немесе үзіндісі қана болуы;
- қолжазбалардың оқылуының қиындығы. XX ғасырдың басындағы жазу стилінің ерекшелігі, кейбір сөздердің сол заманда қолданылуы және сөздердің анықтамасын анықтауда сөздіктермен жұмыс жасау қажеттілігі;
- құжаттардың жазылған күнін, айын, жылын және жазылу орны көрсетілмеуі.

Қордағы қолжазбалардағы жазылуындағы негізгі ортақ ерекшеліктер:

- Б.Қаратаев сол кезеңдегі оқиғаларды тарихшы, заңгер ретінде қарастыруы;
- автордың жоғары интеллектуалдық дайындығы;
- еңбектерінің ерекшелігі – саяси публицистика стилінде жазылуы;
- әдістемелік ерекшелігі – құжаттық-фактологиялық негізге сүйенуі. Бұл өз кезегінде қолжазбаларының, ғылыми-зерттеу жұмыстарының ғылыми дәйектілігін арттырады.

Маңызды тұсы Б.Қаратаев сол заманда өмір сүрген адам. Тек бақылаушы емес, сол оқиғалардың куәгері, қатысушысы болған, әрине бұл еңбектердің субъективтілігін арттырғанымен, дегенмен болған жағдайдың шынайылығын бейнелейді.

Б.Қаратаевтың жеке тектік қоры қайраткердің саяси келбетін қалыптастыратын, көрсететін құнды деректік негіз. Қорда сақталған Б.Қаратаевтың тарихи мұрасы – тарихи зерттеудің, азаматтық белсенділіктің синтезі, тарихи зерттеу мен заман сынынан туған толғаныс. Б.Қаратаевтың жеке тектік қорына жүргізілген дерекнамалық талдауының негізінде қордағы деректерді өзгермейтін ақиқат ретінде қарастыруға және келтіруге болмайды. Керісінше, қолжазба материалдарының күрделі, көп қабатты және ішкі-қарама қайшы кешені екенін, олардың әрқайсысы белгілі бір заманның, саяси жағдайдың және автордың жеке себептерін, мүддесін көрсетеді.

Қордың алғашқы маңызды ерекшелігін атап өтетін болсақ – хронологиялық және жанрлық әртектілігінде. Қордағы құжаттардың 30 жылға жуық уақыт ішінде, 1905 жылдан бастап 1934 жылға дейінгі уақытта жазылуы, өз кезегінде түбегейлі әртүрлі саяси жағдайларда жазылғанын назарда ұстау керек: империялық кезеңнен Кеңес үкіметіне дейін, ХХ ғасырдың басындағы салыстырмалы саяси бостандықтан 1930 жылдардағы цензура мен идеологиялық қысым мен шеңберіне дейінгі уақытта. Әрине, Азаматтық соғыс жылдарында жүргізілген күнделіктегі жазылған мәтіндер эмоциялық қысымның белгілерін қалтырса, кеңес билігінің нық орнығуы тұсында, нақтырақ айтсақ 1930 жылдары жазылған жазбалардың мазмұны мен қолданған сөздерінің жиынтығымен ерекшеленеді, мүлдем басқа мақсаттарды көздейді, партиялық талаптарға сай және өзінің саяси адалдығы мен саяси ұстанымын дәлелдеуге, көрсетуге ұмтыла жазылған. Қорытындысында біз келесі тұжырымдарға келеміз: Б.Қаратаев жеке қорының ғылыми құндылығы автордың өзі мен оның заманының қайнар көзі ретінде қарастыруға болады. Автордың қолжазбалары қайраткерді дәл сипаттау үшін емес, оны қалай, қашан және қандай мақсатта жазылғаны үшін құнды. Кешенді сыртқы және ішкі сын қордағы деректерді толыққанды тарихи дереккөздерге айналдырады.

Б.Қаратаевтың қолжазбаларын және басқада шығармаларын жинау, жүйелеу отандық тарих ғылымын байыта түседі. ҚР ОМА-ғы тұлғаның жеке тектік қорының маңыздылығы жоғары. Еңбектерін жаңа заманауи әдіснама арқылы талдау орынды міндет деп есептеймін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ұлттық архив қорының құжаттарын және басқа да архивтік құжаттарды мемлекеттік және арнаулы мемлекеттік архивтердің жинақтау, сақтау, есепке алу мен пайдалану қағидаларын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 9 тамыздағы № 215 бұйрығы // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300033290>, 2023. (Жүгінген күні: 08.01.2026)

2. КГУ «Государственный архив управления культуры, архивов и документаций Восточно-Казахстанской области». Методические рекомендаций по научно-технической обработке документов личного происхождения. – Усть-Каменогорск. 2020 г. – 54 с.

3. Деккер, Р., Баггерман, А. Жак Прессер и традиция еврейской автобиографии в Нидерландах // Неприкосновенный запас. – 2019, – № 2 (124). – С. 238–256.

4. Зарецкий, Ю. Эго-документы советского времени: термины, историография, методология // *Неприкосновенный запас*. – 2021, – № 3 (137). – С. 184–199.
5. Тоқаев Қ-Ж.. Қазақстан жаңғырудың жаңа кезеңіне қадам басты. *Turkistan*. <https://turkystan.kz/article/273954-qasym-zomart-toqaev-qazaqstan-zangyrudyn-zana-kezenine-qadam-basty>, 2026. (Жүгінген күні: 05.01.2026)
6. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві. 1227-қор., 1-тізім, 6 іс. 73 б.
7. Киреев Ф.Н., Колодин Ф.И. Рабочее и аграрное движение в Казахстане в 1907-1914 годах. Сборник документов и материалов. – Алма-Ата: Казгосиздат, 1957. – 567 с.
8. Боиович, М. Члены Государственной думы (портреты и биографии) (2-е изд.): Второй созыв, 1907-1912 г. – Москва: Тип. Т-ва И. Д. Сытина, 1907. – 519 с.
9. Қазақстан Республикасының Ақтөбе облысының мемлекеттік архиві. 3-қор, 1 тізім. 139-іс.
10. Әнес Ф., Замзаева Т. «ҚАЗАҚ» газеті. 1915 жыл. Бірінші кітап.: – Алматы: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2023. – 496 б.
11. Тлешов Е., Қамзабекұлы Д. Алаш қозғалысы: энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Сардар» баспасы, 2014. – 528 б.
12. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві. 1227-қор., 1-тізім, 1 іс. – 73 б.
13. Ысмағұлов М. Революция сарбазы // *Жалын*. – 1989, – №1. – Б. 73-78.
14. Усманова Д. Мусульманские представители в российском парламенте (1906–1916 гг.). – Казань: Фон АН РТ, 2005. – 584 с.
15. Лысенко Ю.А. Представители Степного края и Туркестана в российском парламенте: опыт фракционного взаимодействия в решении региональных этносоциальных проблем. *Vylye Gody*. – 2017, – Т.44, – № 2. – С. 616-624.
16. Идресова, Ү.Х. Бақытжан Қаратаевтың қоғамдық-саяси қызметі (1860-1934): тарих ғыл. канд. дис.: – Атырау, 2007. – 135 б.
17. Озганбай, Ө. Құрманбеков, Б. Қайраткер Қаратаев. – Алматы: Астана Медиа Пресс, 2014. – 265 б.
18. Қойшыбаев, Б. Түнектен оралған есімдер: тарих және тұлға. – Алматы: Рух БГ баспасы, 2016. – 192 б.
19. Қойшыбаев Б. Ұлттық қозғалыс сарбазы. – Алматы: Дәуір, 2020. – 320 б.
20. Жоламанов Ә.Т., Муханбетова Г.Н., Тленбергенова С. Қазақтың тұңғыш заңгері: Б.Қаратаев (Б.Қаратаевтың туғанына 150 жыл толуына арналады). – Орал, 2010. – 16 б.
21. Сыдыкова, Г.К.. Бақытжан Қаратаевтың шығармашылық құжаттары. <https://massaget.kz/blogs/bakytjan-karataevtyin-shyigarmashyilyik-kujattaryi-28509/>, 2021. (Жүгінген күні: 09.04.2025)
22. Уяма, Т. Бақытжан Каратаев и алашординцы: изменения взаимоотношений // *Вопросы истории и археологии Западного Казахстана*. – 2010, – № 2. – С. 14–19.
23. Гзавье. А. Политические воззрения и родоплеменное устройство казахского общества в условиях советизации в 1917–1920 годы // *Qazaq Historical Review*. – 2025, – Т.3, – № 1. – С. 9–52. DOI: 10.69567/3007-0236.2025.1.9.52.
24. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві. 1227-қор., 1-тізім, 5 іс. – 174 б.
25. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві. 1227-қор., 1-тізім, 2 іс. – 139 б.
26. К истории восстания киргиз в 1916 г. // *Красный архив, Москва-Ленинград*. – 1926, – № 3 (16). – С. 53-75.
27. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві. 1227-қор., 1-тізім, 3 іс. – 52 б.

28. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві. 1227-қор., 1-тізім, 4 іс. – 59 б.
29. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві. 1227-қор., 1-тізім, 7 іс. – 399 б.
30. Каратаев, Б. Обзор материалов из истории колонизации казахского края в связи с восстанием казахов Оренбургского края в 1869 году и в начале 1870-х годов. – Актюбинск, 1934. – 276 с.
31. Абенова, Б.С. Обзор материалов из истории колонизации казахского края в связи с восстанием казахов Оренбургского края в 1869 году и в начале 1870-х годов. Б.Б. Каратаев. – Актобе: ТОО «Нур Принт», 2006. – 318 с.

References:

1. Ulttyq arkhiv qorynyn kujattaryn zhane baska da arkhivtik kujattardy memlekettik zhane arnauyly memlekettik arkhivterdin jinaktaу, saktau, esepте alu men paidalanu kagidalaryn beketu turaly. Qazaqstan Respublikasynyn Medeniet zhane sport ministrinin 2023 zhyldagy 9 tamyrzdagy № 215 buirygy // «Adilet» Qazaqstan Respublikasynyn normativtik kuqyqtyq aktilerinin aqparattyq-kuqyqtyq juyesi [On the approval of the rules for acquisition, storage, registration, and use of documents of the National Archival Fund and other archival documents by state and special state archives. Order of the Minister of Culture and Sports of the Republic of Kazakhstan dated August 9, 2023, No. 215.] // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300033290>, 2023. (accessed: 08 January 2026) [In Kazakh].
2. KGU «Gosudarstvennyj arhiv upravleniya kul'tury, arhivov i dokumentacij Vostochno-Kazahstanskoj oblasti». Metodicheskie rekomendacij po nauchno-tehnicheskoy obrabotke dokumentov lichnogo proishozhdeniya. – Ust'-Kamenogorsk. 2020 g. – 54 p. [In Russian]
3. Dekker, R., Baggerman, A. ZHak Presser i tradiciya evrejskoj avtobiografii v Niderlandah [Jacques Presser and the Tradition of Jewish Autobiography in the Netherlands] // Neprikosnovennyj zapas. – 2019, – № 2 (124). – Pp. 238–256. [In Russian]
4. Zareckij, YU. Ego-dokumenty sovetskogo vremeni: terminy, istoriografiya, metodologiya [Ego-Documents of the Soviet Era: terms, historiography, methodology] // Neprikosnovennyj zapas. – 2021, – № 3 (137). – Pp. 184–199. [In Russian]
5. Tokayev K-Zh.. Kazakhstan zhangyrudyn zhana kezenine kadam basty [Kazakhstan has entered a new stage of modernization]. Turkistan. <https://turkystan.kz/article/273954-qasym-zomart-toqayev-qazaqstan-zangyrudyn-zana-kezenine-qadam-basty>, 2026 (accessed: 05 January 2026) [In Kazakh].
6. TsGA RK – Tsentral'nyi gosudarstvennyi arkhiv Respubliki Kazakhstan [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan (CSA RK)]. Fond 1227. Opis 1. Delo 6. – 57 P. [in Russian]
7. Kireyev F.N., Kolodin F.I. Rabocheye i agrarnoye dvizheniye v Kazakhstane v 1907 – 1914 godakh. Sbornik dokumentov i materialov [The Labor and Agrarian Movement in Kazakhstan, 1907–1914: A Collection of Documents and Materials]. – Alma-Ata: Kazgosizdat, 1957. – 567 p. (In Russian).
8. Boiovich, M. CHleny Gosudarstvennoj dumy (portrety i biografii): Vtoroj sozyv, 1907-1912 g.. [Members of the State Duma (portraits and biographies): Second Convocation, 1907-1912]. – Moskva : Tip. T-va I. D. Sytina, 1907. – 519 p. [In Russian]
9. State Archive of Aktobe Region of the Republic of Kazakhstan. Fond 3. Opis 1. Delo 139 [In Russian]
10. Anes G., Zamzayeva T. «QAZAQ» gazetі. 1915 zhył. Birinshi kitap.[«QAZAQ» newspaper. Year 1915]: – Almaty: «Alashorda» kogamdyk kory, 2023. – 496 p. [In Kazakh].

11. Tleshev E., Kamzabekuly D. *Alash kozgalysy: entsiklopediyalyk anyktamalyk* [The Alash Movement: An Encyclopedic Reference Book]. – Almaty: «Sardar» baspasy, 2014. – 528 p. [In Kazakh].
12. TsGA RK – Tsentral'nyi gosudarstvennyi arkhiv Respubliki Kazakhstan [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan (CSA RK)]. Fond 1227. Opis 1. Delo 1. – 73 P. [in Russian]
13. Ysmagulov M. *Revolutsiya sarbazy* [Soldier of the Revolution] // Zhaly. – 1989 – №1. – Pp. 73-78. [In Kazakh].
14. Usmanova D. *Musulmanskie predstaviteli v rossiyskom parlamente (1906–1916 gg.)* [Muslim Representatives in the Russian Parliament (1906–1916)]. – Kazan: FON AN RT, 2005. – 584 p. [In Russian].
15. Lysenko Yu.A. *Predstaviteli Stepnogo kraia i Turkestana v rossiyskom parlamente: opyt fraktsionnogo vzaimodeystviya v reshenii regionalnykh etnosotsialnykh problem* [The Representatives of the Steppe Region and Turkestan in the Russian Parliament: the Experience of Fractional Interaction in Solving Regional Ethno-Social Problems]. Bylye Gody. – 2017. – T.44, - № – 2. – Pp. 616-624. [In Russian].
16. Idresova, Y.H. *Bakytzhan Karataevtyng qogamdyq-saiasi (1860-1934): tarikh gylym. kand. dis.* [Bakytzhan Karataev's socio-political activities (1860-1934)]. – Atyrau, 2007. – 135 p. [In Kazakh]
17. Ozghanbai, O., Qurmanbekov, B. *Qairatker Karataev* [Karataev the Public Figure]. – Almaty: Astana Media Press, 2014. – 265 p. [In Kazakh]
18. Qoishybaev, B. *Tunekten oralgan esimder: Tarikh jane tulga.* [Named returned from the darkness: history and personality]. – Almaty: Rukh BG baspasy, 2016. – 192 p. [In Kazakh]
19. Qoishybaev, B. *Ulttyq qozghalys sarbazy* [Soldier of the National Movement]. – Almaty: Daur, 2020. – 320 p.
20. Zholamanov A.T., Mukhanbetova G.N., Tlepbergenova S. *Kazaktyn tungysh zangeri: B. Karatayev (B.Karatayevtyng tuganyna 150 zhyl toluyna arnalady)* [The First Kazakh Lawyer: B. Karataev (Dedicated to the 150th Anniversary of B. Karataev's Birth)]. – Oral, 2010. – 16 p. [In Kazakh].
21. Sydykova, G.K. *Bakytjan Karataevtyng shyigarmashyilik kujattary* [Creative papers of Bakytzhan Karataev]. <https://massaget.kz/blogs/bakytjan-karataevtyng-shyigarmashyilik-kujattary-28509/>, 2021. (accessed: 09 April 2025). [In Kazakh].
22. Uyama, T. *Bakytjan Karataev i alashordiyntsy: izmeneniya vzaimootnosheniy* [Bakytzhan Karataev and the Alash activists: Changing relationships]. *Voprosy istorii i arheologii Zapadnogo Kazakhstana*, – 2010, – № 2, –Pp. 14–19. [In Russian].
23. Gzavye. A. *Politicheskiye vozzreniya i rodoplemennoye ustroystvo kazakhskogo obshchestva v usloviyakh sovetizatsii v 1917–1920 gody* [Political views and the tribal structure of Kazakh society during the period of Sovietization in 1917–1920] // *Qazaq Historical Review*. – 2025, – T.3, - № 1. – Pp. 9–52. DOI: 10.69567/3007-0236.2025.1.9.52. [In Russian].
24. TsGA RK – Tsentral'nyi gosudarstvennyi arkhiv Respubliki Kazakhstan [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan (CSA RK)]. Fond 1227. Opis 1. Delo 5. – 154 P. [in Russian]
25. TsGA RK – Tsentral'nyi gosudarstvennyi arkhiv Respubliki Kazakhstan [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan (CSA RK)]. Fond 1227. Opis 1. Delo 2. – 139 P. [in Russian]
26. *K istorii vosstaniya kirgiz v 1916 g.* [On the history of the 1916 Kyrgyz uprising] // *Krasnyy arhiv, Moskva-Leningrad*. – 1926, – № 3 (16). –Pp. 53-75. [In Russian]
27. TsGA RK – Tsentral'nyi gosudarstvennyi arkhiv Respubliki Kazakhstan [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan (CSA RK)]. Fond 1227. Opis 1. Delo 3. – 174 P. [in Russian]
28. TsGA RK – Tsentral'nyi gosudarstvennyi arkhiv Respubliki Kazakhstan [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan (CSA RK)]. Fond 1227. Opis 1. Delo 4. – 59 P. [in Russian]

29. TsGA RK – Tsentral'nyi gosudarstvennyi arkhiv Respubliki Kazakhstan [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan (CSA RK)]. Fond 1227. Opis 1. Delo 7. – 399 P. [in Russian]

30. Karataev, B. Obzor materialov iz istorii kolonizacii kazahskogo kraya v svyazi s vosstaniem kazahov Orenburgskogo kraya v 1869 godu i v nachale 1870-h godov [Review of materials on the history of the Kazakh of the Orenburg region in 1869 and in the early 1870s]. – Aktyubinsk, 1931. – 276 p. [In Russian]

31. Abenova, B.S. Obzor materialov iz istorii kolonizacii kazahskogo kraya v svyazi s vosstaniem kazahov Orenburgskogo kraya v 1869 godu i v nachale 1870-h godov. B.B. Karataev [An overview of materials on the history of the colonization of the Kazakh steppe in connection with the Kazakh rebellion of the Orenburg region in 1869 and the early 1870s]. – Aktobe, 2006. – 318 p. [In Russian]